



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Қазіргі нарықтық экономика жағдайында Қазақстанның әлеуметтік құрылымы бұрын-соңды болмаған күрделі өзгерістерге ұшырап отыр. Егемендік, тәуелсіздік алған уақыттың ішінде республиканың әлеуметтік құрылымында жаңа таптар, топтар, жіктер пайда болды. Олар: бизнесмендер, кәсіпкерлер, фермерлер, банкирлер, ауан түрлі жеке фирмалардың, дүкендердің, қонақ үйлерінің, мейрамханалардың, т.б. жеке меншік иелері. Тіпті бұдан басқа да өзгерістер бар. Мысалы, бұрынғы Кеңес дәуіріндегі таптар мен әлеуметтік топтардың өздері де біршама өзгеріп кетті. Қоғамдағы белгілі бір әлеуметтік-экономикалық топтар екінші бір топтарға ауысы, өтіп жатыр, демографиялық жағдай, ел-жұрттың миграция мәселелері мен үдерістері де ерекше болып отыр. Жалпы алғанда, негізінде табысқа және экономикалық жағдайға байланысты қоғамда топқа, жікке бөлінушілік күшейе түсуде. Осылардың нәтижесінде Қазақстанда ауқатты, дәулеті орташа, кедей адамдар пайда болды. Қоғам қоғам мүшелерінің бұлайша жіктелуіне меншік формасының өзгеруі, жалпы нарық қатынастарының орын алуы ықпал етті.

Қолданылған әдебиет

1. Тәуелсіз Қазақстандағы парламентаризм: жай-күйі мен проблемалары. 30 қараша 2001. - Астана, 2002. – 648 б.
2. Сагиндикова А.А. Конституционное право Республики Казахстан: Курс лекций. – Алматы: Білім, 1999. – 336 с.
3. «Жекпе-жек» мәмілемен ақталды немесе Тұяқбай мен Тоқаев өзара түсіністік тапты. // Егемен Қазақстан, 2000 жылғы 23 мамыр. - № 36. – 3 б.
3. Досманбетов Б. Ортақ мүдде ойлантады // Егемен Қазақстан, 2000 жылғы 28 сәуір. - № 25. - 3 б.

УДК316.356.2

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАДЫНДАҒЫ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ

Райымбаева Мархабат Бауыржанқызы

Әлеуметтік ғылымдар факультеті
әлеуметтану кафедрасының 4 – курс студенті
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ (Астана Қазақстан)
Ғылыми жетекші – Смағамбет Б.Ж., ә.ғ.к., доцент

Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтары үшін ғана емес, барша әлем үшін өшпес із қалдырды. 1945 жылдың 9 мамыр күнінен 70 жыл өтті. Жеңіске қол жеткізуге Қазақстан да өз үлесін қосты. Республика аумағында әскери қимылдары жүргізілмегеніне қарамастан соғыс біздің елмен тығыз байланысты болды. Соғыс жылдарында республикада 12 атқыштар, 4 кавалерия дивизиялары, 7 бригада, 50 полк құрылды. Армия қатарына 1196164 қазақстандық шақырылды, әрбір бесінші адам майданға аттанды¹.

Соғыс туралы жады – өзіміздің ата-бабамыз туралы, олардың майдандағы және тылдағы ерлігі туралы, Отанға деген махаббаты мен патриоттығы туралы жады. Халықтың өзінің тарихы туралы әлеуметтік жады – жадының маңызды түрінің бірі.

Әскери тарих саласындағы мамандар көптеген 1941-1945 жж. оқиғалар бұқаралық ақпарат құралдарында сынаржақты ғана баяндалады деп дабыл қағуда. Жаңа тарихи интерпретацияға жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі жастар ерекше сезімтал және зерек болып келеді.

Бүгінгі қазақстандық жастардың Ұлы Отан соғысы туралы қаншалықты «дұрыс» ақпаратқа ие екендігін, олардың аталған соғыстағы жеңіске деген көзқарасын анықтау

¹ Кан Г.В. История Казахстана – Алматы, 1998, с.68-70.

мақсатында осы әлеуметтанулық зерттеу жұмысы жүргізілді. Қазіргі қазақстандық жастардың жадысы посткеңестік дәуірде, тәуелсіздік жағдайында қалыптасты.

Зерттеудің пәні – ерекше тарихи оқиға ретінде жастардың әлеуметтік жадының құрылымындағы Жеңіс пен Ұлы Отан соғысының маңыздылығы.

Зерттеу мақсаты – қазақстандық жас буынның Ұлы Отан соғысына және Жеңіске 70 жыл өткеннен кейінгі қарым-қатынасын, соғыс туралы ақпарат көзін анықтау, жастардың ҰОС тарихына, ҰОС Батырларының ерлігіне деген қызығушылық деңгейін, Қазақстанның Ұлы Отан соғысының посткеңестік ел ретінде орнын анықтау.

Біздің сауалнамаға 100 респондент қатысты. Респонденттердің орта жасы – 20 жас. Сауалнамаға қатысқандардың 49% - жігіттер және 51% - қыздар. Респонденттердің этникалық құрамы мынадай: қазақтар - 77%, орыстар 15%, басқа ұлт өкілдері 8% құрады. Осылайша, мұндай құрам Республика жас тұрғындарының ұлттық құрамына сәйкес келеді, бұл іріктелген жиынтықтың репрезентативтілігін көрсетеді.

Қол жеткізген нәтижелерді бірнеше бағыт бойынша талдауға болады: ҰОС тарихына, оқиғаларына, қатысушылары мен Батырларына қарым-қатынасы.

Жүргізілген зерттеу жұмысы Ұлы Отан соғысында болған оқиғалар респонденттердің 78% қызықтыратынын көрсетті. Жалпы респонденттердің Ұлы Отан соғысының тарихына деген қызығушылық деңгейі айтарлықтай жоғары деуге болады.

Сауалнама қатысқандардың басым бөлігі ҰОС Жеңіс – КСРО-ның ұмытылмас ұлы ерлігі деп санайды. Респонденттердің 37% өз халқын мақтан тұтады, 6% ҰОС Жеңіс – бұл өткен-кеткен оқиға. Тек 1% үшін ғана бұл Жеңіс – Ресейдің ұлы ерлігі.

Жоғарыда көрсетілгендей, соғыс тарихы респонденттердің 78% қызықтырғанымен, респонденттердің 40% соғыс туралы жиі айтудың қажеті жоқ деп есептейді. 60% – керісінше, соғыс жайында көбірек айту қажет деп есептейді.

Сауалнамадағы ең маңызды сұрақтардың бірі – «1941-1945 жж. болған оқиғаны қалай атар едіңіз?». Сауалнамаға қатысқандардың 80% бұл оқиғаны «Ұлы Отан соғысы» деп, ал 14% «Екінші дүниежүзілік соғыс» деп атады. Ал қалған қатысушылар бұл екі атауда ешқандай айырмашылық көрмейтінін айтты (6%).

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, кейбір сауалнамаға қатысқандардың пайымдауынша, Ұлы Отан соғысы сахнасында біздің ел басқыншы болды (19%). Дегенмен, респонденттердің 79% ойынша, біздің ел азаттық үшін шайқасты. Бұл қуантарлық көрсеткіш. 2% ғана жауап беруге қиналды.

Уақыт өте соғысты көрген, қатысқан ұрпақ өкілдері санының азаюы – қоғамдағы шынайы ақпараттан қол үзу қорқынышын тудырады. Бүгінгі күні студент жастардың 66% ғана өздерінің жақындарының, тумаларының қатысқанын олардың әңгімелері арқылы, отбасы архиві (хаттар, фотосурет) арқылы біледі; 33% – тумаларынан ешкімнің қатыспағанын көрсетті; 1% соғыста тума немесе жақындарының соғысқа қатысқан/қатыспағанын білмейтіндігін айтты.

«Ұлы Отан соғысы кімге/неге қарсы болды?» деген сұраққа респонденттердің 90% – «фашизмге қарсы», 9% – «немістерге қарсы» деген жауаптарды таңдады, тек 1% ғана «ұлтшылдыққа қарсы» деген жауап нұсқасын өзі ұсынды. «Социализмге қарсы», «капитализмге қарсы» деген жауап нұсқалары таңдаусыз қалды.

Респонденттерге ұсынылған белгілі әскери қимылдардың тізімінің ішінен өзіне жақсы таныс шайқасты белгілеуі тиіс болды. Сауалнамаға қатысқандар Сталинград шайқасын (29%), Мәскеу түбіндегі шайқасты (26%), Ленинград шайқасын (24%), Берлин үшін шайқасты (13%) және Курск шайқасын (8%) белгіледі.

Келесі сұрақ бойынша респонденттер өздеріне таныс Батыр қалаларды жазуы тиіс болды. Бұл сұрақ кей респонденттер үшін қиыншылық туғызды. Ашық сұрақ формасында болғандықтан, сауалнамаға қатысқандардың 23% бұл сұрақты жауапсыз қалдырды. Егер респонденттердің жауабын салыстыратын болсақ, ең жоғарғы көрсеткішті Ленинград (Санкт-Петербург), шамалы айырмашылықпен Сталинград (Волгоград), ал үшінші орынды Мәскеу көрсетті. Сонымен қатар, Брест қамалы, Киев, Смоленск, Минск, Одесса,

Севастополь, Мурманск, Тула және Керчь секілді қалалар да аталды. Өкінішке орай, респонденттер арасында батыр қалалар қатарына енбейтін Берлин, Харьков, Ақтөбе, Гурьев, Атырау және т.б. қалаларды атағандар да болды.

Келесі ашық сұрақ «Өзіңізге таныс Ұлы Отан соғысының батырларын атаңыз». Респонденттердің 14% бұл сұрақты жауапсыз қалдырды, қалған 86% жауап берді. Дегенмен, жауап берген респонденттердің арасында қате жауап бергендер, яғни ҰОС қатыспаған батырларды (Абылай хан, Бөгенбай батыр, т.б.) жазғандар болды. Респонденттер жауаптарын талдау барысында есімдердің аталу жиілігіне байланысты бірнеше топқа топтастырдық. Бірінші топ – Б.Момышұлы, Ә.Молдағұлова, М.Мәметова және Т.Бигельдинов есімдері жиірек кездесті. Екінші топ – И.В.Панфилов, Р.Қошқарбаев, Л.Беда және С.Луганский, үшінші топ – Қ.Қайсенов, Г.Жуков, С.Нұрмағамбетов, Н.Әбдіров. Сонымен қатар, М.Ғабдуллин, Т.Тоқтаров, С.Баймағамбетов, Д.Г.Павлов, И.Н.Кожедуб және т.б. Ұлы Отан Соғысына қатысқан батырлардың есімдері аталды. Респонденттер шайқасқа қатыспаған, тылда жұмыс істеген аға-апаларының да есімдерін жазды. Жалпы сауалнамаға қатысқандардың жауабы олардың ҰОС батырларын білетінін көрсетті. Әсіресе қазақстандық батырлардың есімдері жиірек кездесті. Респонденттер арасында он-он бес есім жазғандар да болды.

Жастар үшін соғыс туралы негізгі ақпарат көзін анықтау мақсатында «Ұлы Отан соғысы туралы ақпаратты жиі қайдан аласыз?» деген сұрақ қойылды. Респонденттердің үш ақпарат көзін белгілеу мүмкіндігі болды.

Ақпарат көзі ретінде бірінші орынды көркем әдебиет пен ҰОС туралы фильмдер (30%), екінші орынды Ұлы Отан соғысы туралы ақпарат көзі ретінде мектеп, университет және т.б. оқу орындары иемденді. Ал үшінші орынға ғаламтор ие болды (15%). Ең аз таңдалған жауаптар – «көзімен көргендер мен ардагерлер әңгімесі» (13%), «Қазақстандық БАҚ» (7%), «Ресейлік БАҚ» (7%).

«Бұқаралық ақпарат құралдарында Ұлы Отан соғысының тарихы бұрмаланады ма?» деген сұраққа сауалнамаға қатысқандардың 49% жауап беруге қиналатынын көрсетті, ал 46% бұқаралық ақпарат құралдарында Ұлы Отан соғысының тарихы бұрмаланады деп жауап берді. Тек 5% ғана соғыс туралы ақпараттың бұрмалануын байқамағанын айтты.

Қазақстанның қазіргі территориясында Ұлы Отан соғысы кезінде соғыс қимылдары жүрмегендіктен «Ұлы Отан соғысы – біздің Соғыс деп ойлайсыз ба?» деген сұраққа респонденттердің басым бөлігі «Иә» деп жауап берді (87%). Қалған 13% «ҰОС бізге қатысы жоқ» деп шешті.

Қазақстан жастарының Жеңіске қарым-қатынасын анықтау маңызды болды. Оны анықтау үшін «Ұлы Жеңістің 70-жылдығын қалай атап өтесіз?» деген сұрақ қойылды.

Респонденттердің басым бөлігі Ұлы Жеңіске арналған мерекелік шеруге шығатынын айтты (64%), қалғандары соғысқа қатысқандарды еске алып, ардагерлерге кіріп шығады (17%), үйде демалып, мерекелік шеруді теледидардан қарайды (7%), Георгий лентасын тағып серуендейді (5%), мерекелік дастарқан жайып, тума-туыс, жақындарымен бірге тойлайды (2%). Сонымен қатар респонденттер арасында Жеңіс күнін үлкен мереке ретінде қабылдамайтындар да болды, яғни бұл күнді атап өтпейді (5%).

Жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу жұмысының нәтижесі мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік берді:

- Жастардың басым бөлігі Ұлы Отан соғысының тарихына белсенді түрде қызығушылық танытады. Бұл олардың кеңестік ортақ тарихқа немқұрайлы қарамайтындығын көрсетеді;
- Қазақстан жастары соғысқа қатысқан батырлардың ішінде қазақстандық батырларды жақсы біледі;
- Қазіргі күннің өзінде жастар Ұлы Отан соғысын ұлттық тарихымыздағы ұмытылмас ең басты оқиғалардың бірі ретінде қабылдайды;
- Жастардың БАҚ сенімділігіне күмәнданатын болғандықтан, олардың көп бөлігі ақпаратты көркем әдебиеттерден мен әскери тариха фильмдерден және мектеп,

университет секілді т.б. оқу орындарынан алады.

Жастардың бұл көзқарасы ХХІ ғасырда еркін өмір сүруімізге және жаңа мыңжылдықта біздің қоғамымыздың нық қадам басуына мүмкіндік береді. Бүгінгі жастар соғыстан алыстап барады десек те қателеспейміз. Себебі, өкінішке орай, соғысқа қатысқан көзі тірі ардагерлеріміз өмірден өтіп, саны азайып барады. Біздің зерттеулеріміз қазақстандық заманауи жастарға «әлеуметтік және тарихи ессіздік(ұмытшақтық)» тән емес екенін көрсетті.

УДК316.7

ОРАЛМАН СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-БЕЙІМДЕЛУІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР

Сағын Ғалия Сәкенқызы

93erke93@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Әлеуметтік ғылымдар факультетінің, әлеуметтану мамандығының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Байғабылов Н.О

Бүгінгі таңда шетелдерде тұрып жатқан қандастарымыздың тарихи Отаны – Қазақстанға оралу мәселесі мемлекеттік деңгейде қаралып, заңды негіздер жасалынууда. Елге шақыру, орналастыру, оралмандардың ел ортасына сіңісуі мемлекеттің миграциялық саясатының басты бағыты. «Ата-бабаларымыз бен олардан тараған ұрпақ жасаған мол рухани қазынаны шашпай-төкпей жинап алуымыз, оны атажұртта және барша әлемге таныстыру аса маңызды шаруа» - деп айтқан еді [1] Елбасы Н.Назарбаев. Атажұртқа оралып жатқан қандастардың арасында жастардың, оның ішінде студент оралман жастардың әлеуметтік бейімделу мәселесі Қазақстан қоғамы үшін өзекті мәселенің бірі.

Оралман студенттердің мінездік қалыптасуы болашақ қоғамымыздың толыққанды құрылымдық сатысын құрайды. Сондықтан оралман студенттің әлеуметтік-психологиялық бейімделу ерекшелігінің қоғамда болып жатқан құбылыстарға сай қалыптасуы өте маңызды.

Жоғарғы оқу орнына келіп түскеннен бастап бірінші курстардың оқу орнына бейімделу үрдісіне орай жүргізілген көптеген зерттеулер келесідей негізгі қиындықтарға жіктеледі екен: кешегі мектептің ұжымындағы оқушылардың оның өзара көмегі мен моральдік қалауының кетуімен байланысты жағымсыз күйзелістер; кәсіпті таңдаудағы мотивацияның белгісіздігі, оған жеткіліксіз психологиялық даярлық, мінез-құлық пен іс-әрекетті психологиялық өзіндік реттей алмаушылық, оның күнделікті бақылауға ашылуын педагогтардың талап етуі, жаңа жағдайда еңбек пен демалыстың опти-малды тәртібін қарастырып іздеу жұмыс пен өзіндік қызметті реттеу, әсіресе үй жағдайынан жатақханаға ауысу кезінде, соңғысы өзіндік жұмысқа дағдының болмауы, конспекті жасай алмау, алғашқы дерек көздерімен, сөздіктермен, анықтама сілтемелермен жұмыс жасай алмаушылық.

Барлық осы қиыншылықтар өзінің шығуына байланысты әр түрлі. Оның кейбіреулері объективті құрыла алмайтын, енді біреулері субъективті сипатта және де әлсіз даярлықпен, мектеп және жанұя тәрбиесіндегі ақаулармен байланысты [2].

Студенттердің жоғарғы оқу орнына бейімделуі Стокаренко бойынша келесідей жіктеледі:

а) кәсіби бейімделу, оқу үрдісінің мазмұны, сипаты, жағдайлары мен ұымдастырылуына икемделу, оқыту және ғылыми өзбеттілік дағдыларының жасалуы;

б) әлеуметтік – психологиялық бейімделу – индивидтің топқа, онымен өзара қарым-қатынасқа икемделуі, өзіне тән мінез-құлық стилінің анықталуы.

Басқаша айтсақ, «бейімделу қабілет – ешқандай ішкі дискомфортты сезінбей және қоршаған орта мен қарама-қайшылықсыз адамның қоршаған ортаның әлеуметтік, физикалық, әр түрлі талап-тарына бейімделе алу қабілеті». Бейімделу – бұл белсенді іс-